

Тастанбекова Р.Е.
**Қазақстан Республикасындағы
ерекше қорғалатын табиғи
аумақтардың қазіргі жағдайы**

Мақалада Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың негізгі түрлері туралы мәліметтер көрсетіліп, оларды дамыту жоспары мен арнайы бағдарламаларын жасау қарастырылған. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесінің қарқынды жұмыс атқаруы үшін құқықтық, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың басты мәселелерін іске асыруда кездесетін кедергілері туралы айтылған. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың басты мәселелерін іске асыруда кездесетін кедергілерді шешу жолдары ұсынылған. Сонымен қатар, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар түрлерінің негізгі мәліметтері анықталды. Қазақстандағы экологиялық ахуалы нашар қорықтарға сипаттама берілген және оларды жақсарту жолдары ұсынылған.

Түйін сөздер: ерекше қорғалатын аумақтар, экологиялық жағдай, кедергі жасайтын негізгі факторлар.

Tastanbekova R.E.
**The current state of protected
areas in the Republic of
Kazakhstan**

The article describes the main types of special protected the Republic of Kazakhstan and provided the development and the development of a special program . Also described are various obstacles in the field of legal, social and economic conditions prevent heavy use of specially protected natural territories. It proposed solution to the obstacles encountered in the implementation of the major issues in the specially protected areas . In addition, data analysis of the main types of protected areas . Characterized environmental assessment of the problem of reserves in Kazakhstan and ways to improve them .

Key words: specially protected natural territories ,ecological problems,the main factors impeding.

Тастанбекова Р.Е.
**Современное состояние особо
охраняемых природных терри-
торий в Республике Казахстан**

В статье рассмотрены основные виды особо охраняемых территорий Республики Казахстан и предусмотрены пути развития и разработка специальной программы. Также описаны различные препятствия в сфере юридических, социальных и экономических условий, мешающих интенсивной работе системы особо охраняемых природных территорий. Предлагается решение возникших препятствий в реализации основных вопросов в особо охраняемых природных территориях. Кроме того, анализированы данные основных типов особо охраняемых природных территорий. Характеризуется экологическая оценка проблемы заповедников в Казахстане и пути их совершенствования.

Ключевые слова: особо охраняемые природные территории, экологические проблемы, препятствующие основные факторы.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКА-
СЫНДАҒЫ ЕРЕК-
ШЕ ҚОРҒАЛАТЫН
ТАБИҒИ
АУМАҚТАРДЫҢ
ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ**

Кіріспе

Қорықтар жұмысының дамуына, оның ғылыми бағыт ретіндегі теориялық және фундаменталды мәселелерінің қалыптасуына үлес қосқан ғалымдар Г.А.Кожевников, М.П. Бородин, А.И.Воейков, А.П.Семенов-Тянь-Шанский, Г.Р.Морозов, В.К. Бражников, В.И.Белоусовтар. Жоғарыда аталған ғалымдардан кейінгі кезеңде Ақсу-Жабағылы қорығы мәселелесімен А.Г.Банников, Ф.Р.Штильмарк, Н.Ф.Реймерс, В.А.Борисов және тағы басқа ғалымдар айналысты. Қазақстанда қорықтық жұмыстармен айналысқан бірқатар ғалымдарды айтуға болады, олар: К.Ф.Елкин, А.Ф.Ковшаря, М.С.Байтенов, Л.Я.Курочкинова, А.А. Иващенко және басқалар.

Қазақстан Үкіметі 2000 жылдың 10-қарашасында № 1692 «2030 жылға дейінгі Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды (ЕҚТА) дамыту және кеңейту Концепциясы» қабылданды. Бұл Концепция табиғи экожүйені қорғау мен қалпына келтіру, экологиялық тепе-теңдікті сақтау және табиғи бірлестіктер мен олардың серіктестерінің даму заңдылықтарын анықтау мақсатында бағытталған. Жүзеге асырылып отырған жүйені бақылау мақсатында Концепция ерекше қорғалатын аумақтарды (ЕҚТА) дамыту жоспары мен арнайы бағдарламаларын жасауды көздеп отыр. Болашақта ЕҚТА аумағын 6,4 %-ға, оның ішінде қорықтар аумағын-1,6 %-ға, ұлттық бақтар аумағын – 1,4 %-ға, мемлекеттік кіші қорықтар мен табиғат ескерткіштерін-3,4 %-ға жеткізу жоспарланып отыр.


Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы барлық ЕҚТА көлемі 14799,6 мың гектар немесе республика территориясының 5,4 %. Дегенмен бұл көрсеткіш Халықаралық табиғат қорғау Одағының ұсынып отырған көрсеткішінің 10 %-на да жетпейді.

Республикалық дәрежедегі ЕҚТА түрлерінің негізгі мәліметтері төмендегі кестеде берілген.


Республикада ерекше қорғалатын аумақтар көлемі ұлғайғанына қарамастан (сурет 1-3), ЕҚТА жүйесінің жұмысы әлі толық жолға қойылмаған. Графикте көрсетілгендей, ЕҚТА табиғи аймақтарда біркелкі таралмаған және бөлінген ландшафттар мен еліміздегі экожүйені толық қамтымайды. Қорғалатын территорияларда далалық экожүйе өте аз. Бұл

әкімшілік облыс кескіндерінде де байқалады. Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда облыстарының ерекше қорғалатын территориялары 1 %-дан


аспайды. Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе облыстарында бірде-бір қорық, ұлттық табиғи бақ немесе табиғи резерват жоқ.



Сурет 1 - Республикалық дәрежедегі ЕҚТА түрлерінің көлемі, мың га.



Сурет 2 - ЕҚТА түрлерінің көлемі, мың га.



Сурет 3 - Республика көлеміндегі үлесі

Республикада жануарлар мен өсімдіктер әлемі нысаналарын қорғау барлық ЕҚТА-да жүргізіледі. Ол әсіресе, табиғи бірлестікті қатаң қорғау тәртібі бар табиғи қорықтар тер-

риториясында қарқынды жүргізіледі. Қазақстан қорықтарында 140 сүтқоректілер түрлері (жалпы санының 78 %), олардың ішінде 22 түрі Қазақстан қызыл кітабына енгізілген; 346 құс

түрі (87 %) және бауырымен жорғалаушылардың 31 түрі (63%), оның сәйкес 39 және 3 түрі – «қызыл-кітаптық»; балықтың 23 түрі (16 %), оның ішінде бір түр таймен-Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген.

Қорықтарда қорғалатын өсімдіктердің көбі Ақсу-Жабағылы қорығында – 1400 (38-і Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген) және Алматы қорығында – 965 түр (21-і Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген). Қатон-Қарағай, Шарын ұлттық бақтары, Қаратау табиғи қорығында өткен терең ғылыми зерттеулерден кейін, онда өсетін өсімдіктердің түр құрамы туралы жаңа мәліметтер беріледі.

Мысалы: Қазақстандағы экологиялық ахуалы жағынан әлі де болса мәселесі толық шешілмеген Арал өңіріндегі «Барсакелмес» қорығының экологиялық жағдайы өз шешімін әлі тапқан жоқ. Алайда, туған жерін шын сүйетін және оны қорғай білетін азаматтар құмды тоқтатып, азынаған даланы көркейтудің жолын тапқандай. «Барсакелмес» қорығындағы 61,0 мың га жерге табиғи түрімен егілген сексеуіл көшеттері, түрлі қамқорлықпен күтімге алынып, еңбек өз нәтижесін беруде. Сексеуілдің бұтағындағы азотсыз экстрактивті заттар, клетчатка, азған мөлшерде ақуыз, май және минералды тұздар болатынын ескерсек, бұл ағаштың табиғат пен адам өміріне пайдасы зор екенін ұмытпағанымыз жөн. Зоотехникалық тәжірибеде сексеуілдің жас бұтақшалары малға азық ретінде пайдаланылады. Майдаланған сексеуіл бұтақшалары малдың жеміне, шөбіне араластырылып азықтандырылады. Ол ірі қара мен түйеге 300-500гр, қойға 150-200гр мөлшерінде күніне 3 рет беріледі.

Биоалуантүрлілікті қорғаудағы ЕҚТА жұмысының маңызды бағыты – ЮНЕСКО мен биосфера территорияларының Әлемдік табиғи және мәдени мұра тізіміне кіру болып табылады. Бұл жұмыстар 1998 жылдан бері жүргізіліп келеді. Көрсетілген тізімге «Солтүстік Қазақстан көлдері мен далалары» (Қорғалжын және Наурызым табиғи қорықтары); «Солтүстік Тянь-Шань» (Іле Алатауы және «Алтын емел» ұлттық табиғи бақтары); Ақсу –Жабағылы қорығы кіргізілген.

Қазіргі таңда ЕҚТА шекарасынан тыс тіршілік ететін осал түрлерді қорғау өзекті мәселе болып табылады. Бұған байланысты келесі мәселелерді шешу маңызды болып табылады.

- Осал түрлерді аулап, мемлекет пен табиғатқа зор шығын келтірушілерден алынатын айыппұлдың нарықтық бағамен сәйкессіздігін жоққа шығару;

- Биоалуантүрлілік қасиетін жоғалтатын қауіп-қатерге тез әсер етуге бағытталған түрдің жоғалып кету қаупін анықтайтын жүйені қайта қарастыру, яғни Халықаралық Табиғат Қорғау Одағы ұсынған жүйеге көшу (1994 ж);

- СИТЕС Конвенциясының I және II қосымшасына енгізілген – түрлерді заңсыз шекарадан өткізуге бағытталған табиғатты қорғау, заң және кедендік жұмыстарды күшейту;

- СИТЕС Конвенциясының I және II қосымшасына енгізілген – түрлердің ішкі айналымын реттеу;

- жергілікті флора мен фауна түрлерінің тізімдерін дайындау –СИТЕС Конвенциясының III қосымшасы;

- Қазақстанда сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар өсімдік түрлерін МСОП тізіміне енгізу.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қарқынды жұмыс атқаруына кедергі жасайтын негізгі факторлар. ЕҚТА жүйесінің қарқынды жұмыс атқаруы үшін –құқықтық, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен ЕҚТА-ның басты мәселелерін іске асыруда кездесетін кедергілерді шешу керек. Заң, институциялық және экономикалық шектеулерді негізгі кедергілер қатарына жатқызуға болады.

1. Заң шектеулері:

-1932-1970 жылдар аралығында құрылған ботаника бақтары, қазіргі кезде, табиғат қорғау мекемесі ретіндегі мәртебесінен, тіпті, заңды құқығы бар мекеме ретіндегі дәрежесінен де айырылды (БҒМ Ботаника және фитоинтродукция институтының филиалы болып табылады). Қарағандының ботаника бағы жұмысын тоқтатты. Ботаника бақтарына кіретін жерлер жергілікті атқару органдарының басқаруымен құрылыс шараларын жүргізу мәселелері үшін салынып жатыр;

- ЕҚТА территориясында жүргізіліп жатқан шаруашылық жұмыстарының, сонымен қатар, саяхат жасаудың нақты тәртібі жоқ. Бурабай, Іле-Алатауы және Баянауыл ұлттық бақтарының мәселелерін шешуге еш қатысы жоқ құрылыс жұмыстары жүргізілуде. «Алтын емел» ұлттық бағы территориясының 2003 жылғы ҚР Үкіметінің шешімі бойынша ЕҚТА 48,4 мың га жер алынды;

- Мемлекеттік табиғи қорықтар мен мемлекеттік ұлттық бақтар-ғылыми-зерттеу мекемелері мәртебесінен айырылған. Бұл территорияларды жүргізілетін ғылыми жұмыстар үшін бөлінетін қаржының азаюы мамандардың кетіп қалуына әкелді;

– Республикада көптеген халықаралық табиғат қорғау конвенциялары мен хаттамалары бар. Алайда, оларды жүзеге асыруға болмай тұр және ешқандай жұмыс жүргізіліп жатқан жоқ. Бұл – «Әлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау» конвенциясына, ЮНЕСКО-ның «Адам және биосфера» бағдарламасына кіретін мәселелер.

2. Экономикалық шектеулер:

– Қазіргі кездегі бюджеттегі қаржы деңгейінің жыл сайын көтерілгеніне қарамастан, табиғат қорғау мекемелері жүргізетін биоалуантүрлілікті қорғау жөніндегі ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге, оны қалпына келтіруге, ЕҚТА-ның ғылыми және материалды техникалық базасын жабдықтауға жетпейді;

– Жүргізіліп отырған қаржы саясаты табиғат қорғау мекемелерінің өзін-өзі қаржыландыра алатындай жағдай жасауға жетпейді. Себебі, ЕҚТА-ны пайдаланудан түскен қаржыны жарату болмысының механизмін бюджет арқылы айналымға жіберу көзделіп отыр. Қаржының бөлінуі бірнеше сатыдан өтіп барып бекітуді талап етеді және осы қаржыны бюджеттің басқа да мақсаттарының пайдаланылу қауіп қатері туындайды;

– Табиғатты қорғау мекемесінің әкімшілігі ақылы жұмыс ортасын дамытуда жаңа менеджмент әдісін, сонымен қатар сырттан түсетін қаржы көзін іздеуді білмейді;

– Занды құқығы жоқ мекемелерде (қорықтық аймақтар, кіші қорықтар, табиғи ескерткіштер) ЕҚТА-ны қаржыландыру мәселелері шешілмеген. Шығындар жануарлар әлемі мен орманды қорғау мекемелеріндегі жүргізілетін қорғау мен сақтау шараларының нақты талап-тілектеріне сәйкес келмейді;

– ЕҚТА жұмысшыларының еңбек ақысы да өте төмен. Сондықтан, бұл жағдай жетік мамандардың кетіп қалуына, қасақылықтың дамуына, қорғалатын территория биокорларының заңсыз сатылуына әкеліп соғады.

3. Институционалды шектеулер:

Қазіргі таңда, ЕҚТА жүйесін дамыту жолдарын шешетін заң органдарының қарастырып бекіткен бағдарламасы жоқ. Кезінде, еліміздің экологиялық ведомствосының тапсырысы бойынша ҚазССР ғылым академиясы және «Экожобалау» ЖШС жасаған ЕҚТА орналастыру және даму жобасын Үкімет сол күйі қабылдамады;

Республикалық және жергілікті дәрежеде ЕҚТА-ны басқарудың тиімді жүйесімен сәйкес келетін институционалды құрылымы жоқ. ЕҚТА

саласында, сонымен қатар, орталықтандырылған аппарат пен облыстық территориялар басқармаларындағы ЕҚТА жетекшілігінің арнайы бөлімдері жоқ;

Көптеген ЕҚТА-ның анық белгіленген шекаралары жоқ. ЕҚТА-ның аумағы, көп жағдайда, экожүйе мен жекелеген түрлер популяцияларының тұрақты тіршілік етуіне жеткіліксіз. Оқшау қалған ЕҚТА-ны байланыстыратын қоныс аудару (экологиялық) дәліздерінің болмауы, республика биоалуантүрлілігін қорғаумен қамтамасыз ету мақсатындағы экологиялық жүйені қалыптастыру қиынға түсіп отыр;

Барлық табиғи қорықтар мен ұлттық табиғи бақтарда ғылыми бөлімдер жоқ және бар болса да, өз жұмысын дұрыс атқармайды. Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ғылыми зертханалық базалардың жабдықталғаны қазіргі талаптарға сай емес;

ЕҚТА-ны білікті мамандармен, заң қызметкерлерімен, туризм мен саяхат жасау арқылы қалыпқа келтіру және табиғатты кешенді қорғау мамандарымен қамтамасыз ету үлкен мәселеге айналып отыр;

ЕҚТА қызметкерлерінің біліктілігін көтеру жүйесі де дамымаған. Мемлекеттік басқарудың әртүрлі дәрежесіндегі жұмысшылардың экологиялық бөлімінің төменгі деңгейде болуы тиімді басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік бермейді. Ал, халықтың экологиялық білімсіздігі табиғатты тиімсіз пайдалануға және қасақылықтың артуына алып келеді;

ЕҚТА саласында қабылданатын шешімдерге қоғамның қатысу механизмінің анық болмауы. Табиғат қорғау мекемелері әкімшілігінің қарым-қатынас орнату, негізінен, ҒКБ мен азаматтар бастауымен ғана іске асады. ЕҚТА жұмысының алуан түрлі қорғау шаралары жөніндегі кең түсінік беру жұмыстары жүргізілмейді және жергілікті халықтың осы жұмыстар арқылы пайда түсіру жолдары есепке алынбай құрылған;

ЕҚТА ландшафты мен биоалуантүрлілікті қорғау саласында жүргізілетін халықаралық қарым-қатынас деңгейі төмен.

Келтірілген кедергілерді болдырмау үшін Қазақстанда 1997 жылы 15 шілдеде қабылданған, 29.06.2006 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, қайта қабылданған «Ерекше қорғалатын аумақтар туралы» Заң негізінде құқықтық база қалыптасып отыр. Бұдан басқа Қазақстандағы ландшафттық және биологиялық әртүрлілікті реттейтін негізгі заңды актісі

ретінде қабылданған жобалары: 2003 жылдың 8-шілдесіндегі Қазақстан республикасының Орман кодексі, 2003 жылдың 20-маусымындағы Қазақстан Республикасының Жер кодексі, 2003 жылдың 9-шілдесіндегі Қазақстан республикасының Су кодексі, 1997 жылдың 15-шілдесіндегі «Қоршаған ортаны қорғау», 1997 жылдың 18-наурызындағы «Экологиялық сараптау» Заңы, 2004 жылдың 9-шілдесіндегі «Жануарлар әлемін қорғау, өсіру және пайдалану» Заңы болып табылады.

Қорытынды

Сонымен, ерекше қорғалатын табиғи аймақтарға сараптама жасау негізінде төмендегі іс-шараларды әрі қарай жандандырған жөн:

- ғылыми зерттеу жұмыстарын;
- биологиялық алуан түрліліктің қазіргі деңгейін анықтау;
- қазіргі заман талабына сай экологиялық мәселелердің шешілу жолдарын;
- мамандарды қайтадан дайындау үрдісін қолға алу.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын аумақтар туралы» Заңы.- Астана., 2006.
- 2 Ковшарь А.Ф. Заповедники Казахстана. – Алма-Ата.: Наука.1989.
- 3 Экология устойчивое развитие // Астана. – 2004. – № 5. – С. 5-42.
- 4 Соболев Н.А. Предложения к концепции охраны и использования природных территорий // Охрана дикой природы. – 1999. – № 3. – С. 20-24.
- 5 Куатбаева Г.К. Институциональные проблемы сохранения биоразнообразия в Республике Казахстан. – Аль-Париж, 2003. – № 1. – С. 60-66.

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn «Erekshe qorghalatyn aumaktar turaly» Zany. – Astana., 2006.
- 2 Kovshar' A.F. Zapovedniki Kazahstana. – Alma-Ata.: Nauka.1989.
- 3 Jekologija ustojchivoje razvitie // Astana. – 2004. – № 5. – S. 5-42.
- 4 Sobolev N.A. Predlozhenija k koncepcii ohrany i ispol'zovanija prirodnyh territorij // Ohrana dikoj prirody. – 1999. – № 3. – S. 20-24.
- 5 Kvatbaeva G.K. Institucional'nye problemy sohraneniya bioraznoobrazija v Respublike Kazahstan. – Al'-Parizh, 2003. – № 1. – S. 60-66.